
**Оңтүстік Қазақстан облысы
Шардара қаласы
№1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі**

**Шардара аудандық білім бөлімі «Болашаққа
бағдар:Рухани жаңғыру» мақаласында айтылған
«Бәсекеге қабілеттілік пен «Білімнің салтанат
құруы» аспектілері аясында
«Өмірлік таңдау»
атты республикалық жобасы**

**Орындаған: Мектеп психологы
Еспанов Бекжан Кенгесович**

2017 – 2018 оқу жыл

Мамандық таңдау – болашақты таңдау.

Мектебіміздің 10 – 11 сынып оқушыларына Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз», «Өмірлік таңдау» жобасы бойынша «Мамандық таңдау – болашақты таңдау» тақырыбында кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы дәріскері Т.Бектасов, Шардара аудандық ауруханасына қарасты 2-ші мөлтек ауданының дәрігерлік емханасының аға дәрігері Орынбекова Бақтыгүл Мыңбайқызы, Шардара аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны Мусабеков Дүйсенбек Таубайұлы, Шардара қаласындағы №2 спорт мектебінен армрстрелинг спортынан әлемнің 3 дүркін чемпионы, Азияның 7 дүркін чемпионы Оңғарбаев Қыдырғали, армрстрелинг спортынан әлемнің 2 дүркін чемпионы, Азияның 7 дүркін чемпионы Ақтаев Талғаттың қатысуымен кездесу өтті.

«Адамның өз өміріне екі нәрсені таңдауда қателеспейуі керек: біреуі – жар таңдау, екіншісі – мамандық таңдау» деп М.Мақатаев атамыз айтқандай, мамандық таңдау – жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Мынау көпсалалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс-табыс биігіне жеткізетін қанат. Абай атамыз айтқандай: «Неге арналсаң, соны істе» деп, қашанда адам өмірден орнын өз таңдау таңдауымен тапқан жөн. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім, құрлысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал өзекті мамандықтар қатарына жоғарғы технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары жатады. Қоғамның дамуына біздің өңірде, қазба байлықтарын игеретін мамандық иелері қажет.

Әлемде 40 мыңға жуық әртүрлі мамандықтар бар. Статистердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 мың адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12%-ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан өздерің сияқты жас мемлекет, сондықтан біздің болашағымыз да жастар», - деп тегіннен тегін айтқан жоқ. Мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде болғандықтан біз сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті болуымыз үшін өз мамандықтарымызды дұрыс таңдап, дұрыс игеріп өмірден өз орындарын дұрыс таба білуіміз керек.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының дәріскері Т.Бектасов мырза өз сөзінде Н.Ә.Назарбаевтың «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деген сөзін тілге тиек ете отырып, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру мақаласының басым бағыттарына жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының біздің өміріміз үшін қажет екенін нақтылап түсінік берді. Мамандық таңдау өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау. Ең қиын

мамандық – адам боп қалу. Мамандық адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін білім мен практикалық дағды жиынтығы. Мамандық таңдау күрделі процесс. Мамандық қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Н.Ә. Назарбаевтың ауылды өркендетудің бірден бір жолы – мал шаруашылығын дамыту екені белгілі. Әсіресе, ірі қара малын асылдандыру ісі үшін үкімет тарапынан мал шаруашылығымен айналысатын азаматтарға қолайлы жағдай жасалып келеді. Соның бірі «Сыбаға», «Алтын асық» мемлекеттік бағдарламасына тоқталып, бағдарламаның қыр сырын түсіндіріп берді. Кәсіпкерлерге өз кәсібін дамытып, жүргізу үшін мемлекетімізден бөлініп жатқан қаражаттар және жасалып жатқан жағдайлар жайлы егжей-тегжей түсіндіріп берді.

Аудандық ауруханаға қарасты 2-ші мөлтек дәрігерлерлік емханасының аға дәрігері Орынбекова Бақтыгүл Мыңбайқызы дәрігерлердің халықтың денсаулығын сақтау аурулардың алдын-алу мен оларды емдеу жолдары туралы жүйелеп баяндап берді. Оқушыларға дәрігер мамандығын таңдауға кеңес бере отырып, өз туған өлкелеріне келіп қызмет жасауына кеңес берді.

Шардара аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны Мусабеков Дүйсенбек Таубайұлы заңгер, полиция мамандығын таңдаған оқушыларға халықтың тыныштығын сақтау, өз қызметіне адал болыды, үлкен жауапкершілікті талап ететіндігін айтты.

Армстрелинг спортынан әлемнің 2 дүркін чемпионы, Азияның 7 дүркін чемпионы Оңғарбаев Қыдырғали, Ақтаев Талғат қол күресінен елімізді шет елдерге танытқандағы әсерлері жайлы бөлісті. Алдарына қойған мақсатының арқасында жетіп отырған жетістіктері жайлы әңгімелеп берді.

Мектебіміздің басшысы бар өмірін ағарту саласына арнаған ұлағатты ұстаз Т.Алипбаев мырза әрбір мамандықты қалап таңдаған адам сол мамандықтың шебері, көп жетістіктерге жетеді деп оқушылардың мамандық таңдауына ықпалын тигізердей әңгімелер айтты.

Оқушылар келген қонақтарға көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, түшымды жауап алды.

Келген қонақтарға уақыт бөліп келгендеріне, өз мамандықтарының қыр сыры жайлы әңгімелеп, келешек ұрпаққа кішкене үлес қосқандарына үлкен алғысымызды айтып, кездесуімізді аяқтадық.

24.02.2018 жылы «Мамандықты таңдау – болашақты таңдау»- атты тақырыбында мектебіміздің мұғалімдерімен кездесу ұйымдастырылды. Қаңтар айында жоғары сыныптардан Е.А.Климовтың әдістемесін қолдана отырып оқушылардың бейімділігі анықталды.



«Егер адам қандай да бір жолды таңдай алмаса, оған жел де жолсерік бола алмайды» (Сенека).

ҚОЛЫМНАН КЕЛЕДІ + ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ + ЖАСАУ КЕРЕК= Еңбекті дұрыс таңдау

2.1.1. Тапсырма:

Қандай топқа көбірек сәйкес келетініңізді анықтаңыз:

- ✓ Адам-адам
- ✓ Адам-табиғат
- ✓ Адам-техника
- ✓ Адам-белгі

Тест

Тестке нұсқаулық:

- ✓ Өзіңіз келісетін тұжырымдамаларды «қанат белгісімен» белгілеңіз.
- «НӘТИЖЕ» сөзіне қарама-қарсы бағанның әрқайсысына қанат белгісінің

санын жазыңыз

I		II		III		IV		V	
Жануарлар мен өсімдіктерге әрдайым шын көңіліммен қараймын және қамқорлық жасаймын.		Шын көңіліммен және ұзақ уақыт бірдеңені жасай, жөндей аламын		Шын көңіліммен және ұзақ уақыт бірдеңені есептеймін, есептер шығарамын, сыза аламын		Мұражайларға, театрларға, көркемсурет көрмелеріне барғанды жақсы көремін		Жаңа адамдармен жеңіл танысамын	
Жануарлар мен өсімдіктерді күтуге ересектерге шын көңіліммен көмектесемін		Өз қолыммен жасаған заттарым әдетте үлкендер мен достарымның қызығушылығын туғызады		Әдетте мен жазба жұмыстарында қатені аз жіберемін		Менің белгілі бір өнер саласына қабілеттерім бар		Кішілерге бірдеңе үйрету, іспен айналыстыру, бірдеңеге көмектесу қажет болғанда, олармен уақыт өткізуді жақсы көремін	
Өсімдік және жануарлар әлемі туралы қызыға оқимын		Тетіктер, машиналар, құралдардың құрылымдары туралы қызыға оқимын		Сөзжұмбақтарды, бас қатырғыштарды, ребустарды, қиын есептерді қызыға шешемін		Көркемөнер мен белсенді қатысамын		Өз қатарластарым немесе кішілермен келіспеушілікті тез реттеймін	
Менің өсімдіктер немесе жануарлармен жұмыс істеуге қабілеттілігім бар		Менің техникамен жұмысқа қабілеттілігім бар		Әдетте, мен басқалар үшін ойымды жазбаша түрде анық және толық баяндау қолымнан келеді		Менің көркемөнер шеберлігімнің нәтижелерін тіпті бейтаныс адамдар да мақұлдайды		Мен ешқашан ешкіммен жанжалдас паймын	
Табиғи орта, ормандар, жануарлар туралы аса қызығушылықпен оқимын		Менің қолыммен жасалған заттарымды бейтаныс адамдар да мақұлдайды		Бұрын таныс емес немесе шетелдік сөздерді қиындықсыз меңгеремін		Көп уақыт, шаршамас тан сүйікті көркемөнер жұмысымен айналыса аламын (музыкамен, сурет салумен және т.с.с.)		Бейтаныс адамдарға жиі көмектесуге тырысамын	
Жануарларды немесе өсімдіктерді қызығушылықпен бақылаймын немесе қараймын		Тетіктердің, машиналардың, құралдардың құрылымын талдауды ұнатамын		Кестелер, сызбалар, кестелерді еш қиындықсыз және қызығушылықпен талдаймын		Өз күшімді көркемсуретте, музыкада, поэзияда байқап көремін		Әдетте, маған өз қатарластарымды нені қалай жасау керектігіне сендіру қолымнан келеді	
НӘТИЖЕСІ:		НӘТИЖЕСІ:		НӘТИЖЕСІ:		НӘТИЖЕСІ:		НӘТИЖЕСІ:	

Осылайша 30 тұжырымдамаға жауап беріңіз де, әр бағандағы «қанат белгісінің» жиынтығын санаңыз. Бағандағы ең көп оң жиынтық, сізге лайықты мамандыққа сәйкес болады

I – Табиғат-адам,

II – Техника-адам,

III – Белгі жүйесі-адам,

IV – Көркемдік бейне-адам,

V – Адам-адам

Психологтар келесі жіктелімді ұсынады.

Адам-адам

Басқа адамдарға байланысты мамандықтар.

Бұл медицина, заң және құқықтық тәртіп, білім беру және тәрбиелеу, қызмет көрсету саласы.

Табиғат-адам

Табиғатқа байланысты мамандықтар

Техника-адам

Техникалық мамандықтар

Белгі-адам

Белгілерге байланысты мамандықтар

Көркемдік бейне-адам

Көркемдік мамандықтар

Мүсіндеу, көркемсурет, сәулет өнері, поэзия немесе музыка. Бұл жұмыста ең маңыздысы – көркемдік талғамның болуы.



20-23.02.2018 жылы аралықтарында 9-10-11 сыныптардың ата – аналарымен жеке жиналыс жүргізіп, олардан сауалнамалар алынды.



Қымбатты ата-аналар!

Сіздер «Пресс Центр Азия» (Астана қаласы) қоғамдық қоры жүргізіп отырған ғылыми-қолданбалы зерттеуге қатыспақшысыздар. Зерттеу барысында Қазақстанның бес облысындағы 250 мектепте 9 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарының арасында сауалнама жүргізіледі.

Біз сіздердің көмектеріңізбен болашақ білім алу жоспарларына қатысты қандай шешімдер және сол шешімдердің қалай қабылданатынын, аталмыш жоспарға қандай факторлар әсер етпекші, 9 сынып оқушыларының отбасы үшін болашақ мамандықты таңдау мәселесі қаншалықты маңызды екенін білмекшіміз.

Анкетамыздың барлық сұрақтарына шынайы жауап берулеріңізді сұраймыз. Алынған мәліметтер жалпылама сипатта қолданылады. Анонимділікке кепіл беріледі

Анкетаны толтыруға арналған нұсқаулық:

1. Сұрақтар және номерлері қалың қаріппен белгіленген. Жауап нұсқалары, қалыпты қаріппен көрсетілген.
2. Әрбір сұрақты және толтыру нұсқаулықтарын мұқият оқып шығыңыздар. Мысалға, *БІР ЖАУАП* нұсқаулығы жауап нұсқаларының ішінен бір нұсқаны таңдау керектігін білдіреді, т.б.
3. Сіздің пікіріңізді білдіретін немесе өзіңіз көбіне келісетін жауап нұсқасын таңдауыңызды сұраймыз және таңдаған нұсқаңызды дөңгелекпен қоршап білгілеңіз.
4. Анкетада жауап нұсқалары жоқ сұрақтар бар. Бұл сұраққа өз пікіріңізді жазасыз.

1 БӨЛІМ. АЛДЫМЕН ТАНЫСЫП АЛАЙЫҚ...

1. Жынысыңыз	1 – ер	2 – әйел
2. Жасыңызды көрсетіңіз (толық)	/ _____ / жыл	
3. Өзіңіздің және жолдасыңыздың білім деңгейін көрсетіңіз		
3.1 Менің білімім... БІР ЖАУАП	3.2 Жолдасымның білімі ... БІР ЖАУАП	
1. Жоғары	1. Жоғары	
2. Орта кәсіптік білім	2. Орта кәсіптік білім	
3. Жалпы орта (мектеп)	3. Жалпы орта (мектеп)	
4. Жауап жоқ	4. Жауап жоқ	
4. Қандай жұмыс түрімен айналысасыздар?		
4.1 Мен... ОДИН ОТВЕТ	4.2 Жолдасым ... ОДИН ОТВЕТ	
1. Интеллектуалды еңбек (кабинеттік жұмыс)	1. Интеллектуалды еңбек (кабинеттік жұмыс)	
2. Физикалық еңбек (қол жұмысы)	2. Физикалық еңбек (қол жұмысы)	
3. Жұмыс істемеймін	3. Жұмыс істемейді	
4. Зейнеткермін	4. Зейнеткермін	
5. Жауап жоқ	5. Жауап жоқ	
5. Балаңыздың есімін жазыңыз		

6. Балаңыз білім алатын мектеп жайында сұрақтарға жауап беріңіз:	
6.1 Мектептің номері және толық атауы	
6.2 Мектеп орналасқан қала/ауылдың атауы	
6.3 Балаңыздың қай сыныпта оқитыныны көрсетіңіз	9 «_____»
6.4 Оқу тілін көрсетіңіз	1.қазақ 2.орыс 3.басқа (көрсетіңіз)_____
6.5 Балаңыздың үлгерімін көрсетіңіз (өткен жылдың қорытындысы бойынша)	1. үздік, озат 2.табелімде үш жоқ 3. табелімде үш бар

2 БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУ ЖОСПАРЛАРЫ

7. Қаншалықты жиі отбасыңызда балаңыздың болашақ мамандығын талқылайсыздар, қандай салада жұмыс істеуі керек, қандай мамандықты игеруі керек? ӘР ЖОЛ БОЙЫНША БІР ЖАУАПТАН

1. Жиі
2. Кейде
3. Әлі талқыламадық
4. Жауап беруге қиналамын

8. 9 сыныпты бітірген соң, балаңыз мектептен кете ме? Әлде мектепте қала ма? БІР ЖАУАП

1. Мектептен кетеді	9 сұраққа өтесіз
2. Оқуды мектепте жалғастырып, 10 сыныпқа барады	9 сұраққа өтесіз. Келесі сұрақтарға жауап беріп 12, 13 сұрақтарды өткізіңіз
3. Осы жөнінде ойланып жүрміз, әлі нақты шешім қабылдаған жоқпыз	
4. Бұл жайында әлі ойланбадым	

9. Балаңыздың мектепте қалып, 10 сыныпты жалғастыруына немесе 9 сыныптан соң колледжге түсуіне қатысты шешімді кім қабылдады/қабылдайды? БІР ЖАУАП

1. Біз, ата-ана
2. Бала өзі шешеді
3. Басқа жауап (кім? көрсетіңіз):

10. Егер сіздің балаңыз мектепте қалып, 10 сыныпты оқуды жөн көрсе бұл шешімге кім әсер етті/ете алады? БІР ЖАУАП

1. Нақты білім жоспары жоқ, әзірге мектепте оқи берсін
2. ЖОО тапсыру жоспарымызда бар
3. ЖОО тапсыру жоспарда, толық орта білім алғаны дұрыс
4. Толық орта біліммен жұмысқа тұру оңай
5. Мектептен кету нақты шешім

6. Басқа _____ нұсқа _____ (нақты көрсетіңіз): _____

11. Егер сіздің балаңыз колледжге түсемін деп шешсе қолдар ма едіңіз? БІР ЖАУАП

1. Иә
2. Сенімді емеспін, бірақ қолдауым мүмкін
3. Жоқ
4. Жауап беруге қиналамын

12. Егер балаңыз мектептен кету шешімін қабылдаса, оның келешектегі жоспары қалай болмақ? БІР ЖАУАП

1. Оқуды колледжде немесе кәсіби мектепте жалғастырады	13 сұраққа өтесіз
2. Жұмыс істеу (подработка)	14 сұраққа өтесіз
3. Басқа (нақты көрсетіңіз):	14 сұраққа өтесіз

13. Егерде колледжге тапсыруды жоспарлап жүрсеңіздер, келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:

13.1 Қандай бағытты таңдар едіңіз? БІР ЖАУАП 1. Медициналық 2. Мұнай газ 3. Педагогикалық 4. Политехникалық 5. Байланыс және электротехник 6. Құрылыс 7. Технологиялық 8. Транспорт 9. Басқа (көрсетіңіз): _____		13.2 Жоспарлап жүрген колледж жайлы қалай білдіңіз? БІР ЖАУАП 1. Колледжде туысым/танысым оқиды 2. Колледждің адамдары мектепке келді 3. Колледж үйдің қасында орналасқан 4. Ата-анам айтты 5. Колледж жарнамасын көрдік 6. Телевизор/газеттен көрдік 7. Басқа (көрсетіңіз): _____
13.3 Қандай мамандық таңдадыңыз?	13.4 Осы мамандықты таңдау кезінде	13.5 Таңдаған мамандығыңыз жеке сізді бірінші кезекте несімен қызықтырды КЕМІ

97. Әлі таңдамадыңыз 13.3 СҰРАҚҚА ӨТУ

КӨРСЕТІҢІЗ 1. _____ _____ _____ 97. Әлі таңдамадым 14 СҰРАҚҚА ӨТУ	шешімді кім қабылдады? БІР ЖАУАП 1. Біз, ата-ана 2. Бала өзі шешті 3. Басқа (кім екенін көрсетіңіз): _____ _____ _____ _____	ЕКІ ЖАУАП 1. Карьералық өсу 2. Кәсіби маман ретінде даму 3. Табыс деңгейі 4. Еңбек нарығындағы сұраныс 5. Атақ, құрмет 6. Тұрақты табыс 7. Мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі 8. Басқа (көрсетіңіз): _____
--	---	--

РАЗДЕЛ 3. МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ

14. Сіз үшін балаңыздың болашақ мамандығын таңдау маңызды ма? БІР ЖАУАП

1. Маңызды
2. Маңызды деуге болады
3. Маңызды деуге келмейді
4. Маңызды емес
5. Жауап беруге қиналамын

15. Төменде көрсетілген тұжырымдамалардың қай түрімен көбірек келісесіз? БІР ЖАУАП

1. Мамандық таңдау – бүгінде болашақты анықтаудың маңызды қадамы емес, сондықтан да уақытты көп бөлудің қажеті жоқ. Бастысы диплом алу.
2. Мамандық таңдау – зерттеуді және асықпай ойланып қабылдайтын шешімді талап ететін маңызды, әрі жауапты сәт, өйткені бұл таңдау адамның келешегіне қатты әсер етеді.
3. Жауап беруге қиналамын

16. Сіз үшін балаңыздың болашақ мамандығын таңдау кезінде қандай шарттар маңызды? ЕКІ ЖАУАП

1. Карьералық өсім
2. Кәсіби маман ретінде даму мүмкіндігі
3. Табыс көзі
4. Еңбек нарығындағы сұраныстың жоғары болуы
5. Атақ, құрмет
6. Тұрақты табыс
7. Мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі
8. Басқа жауап (нақты көрсетіңіз): _____

17. Егер сіздің балаңыз мамандық таңдауға қатысты кеңес сұраса, қандай кеңес бересіз? ЖАЗЫҢЫЗ

1. _____

18. Сіз балаңыздың жұмысшы мамандығын алғанын қалар ма едіңіз БІР ЖАУАП

1. Иә
2. Сенімді емеспін, бірақ ойымда бар
3. Жоқ
4. Жауап беруге қиналамын

19. «Жұмысшы мамандығы» деген ұғымды естіген кезде көз алдыларыңызға не елестейді, соны жазып көрсетіңіздер. Бұл кез-келген бейне, зат, қимыл немесе қандай да бір сипаттамалар болуы мүмкін

1. _____

20. Қалай ойлайсыз жұмысшы мамандықтары бүгінде ... ӘР ЖОЛ БОЙЫНША БІР ЖАУПТАН

	Келісемін	Келіспеймін	Білмеймін
20.1 Еңбек нарығында сұранысқа ие	1	2	3
20.2 Жақсы жалақы алады	1	2	3
20.3 Карьералық өсу мен өзін ісін дамыту үшін мүмкіндігі зор	1	2	3
20.4 Бәсекеге қабілетті	1	2	3

21. Елді мекеніңізде/ облыста қандай колледждер және ЖОО бар екенін білесіз бе? ӘР ЖОЛҒА БІР ЖАУАПТАН

	Иә жақсы білемін	Иә, бір екеуін атап бере аламын	Бар екенін білемін, бірақ нақты атап бере алмаймын	Білмеймін
21.1 Колледждер	1	2	3	4
21.2 ЖОО	1	2	3	4

22. Сіз көбірек біліп, ақпарат алғыңыз келе ме...

	Иә	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
22.1 ... жұмысшы мамандықтары жайлы? БІР ЖАУАП	1	2	3
22.2 ... елді мекеніңізде/ облыста орналасқан колледждер жайлы БІР ЖАУАП	1	2	3

23. Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда бүгінгі таңда қандай мамандықтар сұранысқа ие? ӨЗ ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ЖАЗЫҢЫЗ

1. _____

99. Жауап беруге қиналамын

24. Балаңыз мектепті аяқтаған соң оқуды жалғастыру үшін білім мекемелерін тандау кезінде Сіздер үшін қандай факторлар маңызды? ЕКІ ЖАУАПТАН КЕМ ЕМЕС

1. Грантқа түсу мүмкіндігі
2. Білім мекемесі біздің елді мекенде (облыстағы аудан, қала) болуы керек
3. Білім мекемесінде керекті мамандық болуы тиіс
4. Білім мекемесінің абыройы мен беделі (престиж)
5. Жатын орынның болуы (оқу орны орналасқан қалада туыстардың, жатахананың болуы)
6. Басқа нұсқа (нақты көрсетіңіз): _____

25. Сіз мектептегі профориентацияға қатысты өтетін іс-шараларды қолдайсыз ба? БІР ЖАУАП


1. Толық қолдаймын
2. Қолдаймын деуге болады
3. Қолдамаймын деуге болады
4. Қолдамаймын
5. Жауап беруге қиналамын


САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!





26.02.2018 жылы «Өмірлік таңдау» республикалық жобасы аясында 8-9 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру мақсатында тренинг сабақ жүргізілді. Сабақ барысында бейне роликтермен слайд көріністері көрсетілді. Оқушылар болашақта өз таңдауларын айқын білдіріп, ойларын ашық айтты





Сабақтың тақырыбы: Мамандық таңдау – болашақты таңдау.

Мақсаты: Білімділік – оқушылардың білім шыңына талпынуда бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы ойларын білу, ой бөлісу.

Дамытушылық – жеке басының сапалық қасиеттерін арттырып, кәсіптік бағдар бере отырып, өзін-өзі тану аумағын кеңейту.

Тәрбиелік-оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: «Миға шабуыл» , психологиялық тест, дидактикалық ойындар, тренингтер.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі, Саламатсыздарма құрметті оқушылар мен ұстаздар!
Бүгінгі кешімізге қош келіпсіздер! Бәрімізде алдымен мынадай «Бұл кім?»
тренингі ойнайық (оқушыларға интербелсенді тақтада белгілі бір кәсіп
иелерінің суреті көрсетіледі, оқушылар сурет арқылы табады)

-Сіздер қалай ойлайсыздар, жалпы түрде қалай айтуға болады?

- Мамандық

-Дұрыс айтасындар

олай болса кешіміздің тақырыбы «Мамандық таңдау – болашақ таңдау»

1. «Миға шабуыл» - ой қозғау мамандық дегеніміз не? Әр топ өз ойын
айтып жауап береді

Мамандық сөзіне анықтама береді

Мамандық сөзіне анықтама беру (мамандық сөзін мұғалім
толықтырады)

Профессия – мамандық дегенді білдіреді.

Мамандық қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандайда
бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің
маңызды бөлігі.

Біреулер үшін ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін
жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа дербістікке талпыныс,
үшінші біреулерге – әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң.

Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз кейінгі өмірде
өкінбитіндей, өз қабілетімен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау....

Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үші,
адам ең алдымен өзі, өз бейімділігін тануы қажет. Өз-өзіне «Мен
кіммін?» - «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін»
- деген сұрақ қою керек. Мамандық таңдауда әр адам өзінің
қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.
Сондай-ақ өз мамандығының сұранысына жоғалтпауына көңіл бөледі.
Бұл мамандықтарға деген бір қалыпты тұрақты сұраныс деп аталады.
Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған
мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын
атап өтуге болады. Ал өзекті мамандықтар қатарына жоғары
технология, байланыс коммуникация, экономиканы басқару
мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтары
жатады.

Мынау көпсалалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау
оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болу қажет. Өз
ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді.

2. «Білемізбе?»

Мына мамандықтардың қайсысынан хабарымыз бар?

1 Топқа қазіргі таңда жойылып кеткен мамандықтар

2.Топқа XX ғасырда пайда болған мамандықтар

3. Топқа соңғы 10 жылдықта пайда болған мамандықтар.

Білетін, естіген көрген мамандықтарымызды теріп жазамыз және дәлелдейміз.

3. Әр топ осылардың ішінен өздерінің келіспейтін тұжырымдарын таңдап алып, ой-пікірлерін дәлелдейді.

Мамандық бір ақ рет бір жола таңдалады.

Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты.

Отбасы және достарының ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.

Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.

Жақсы білім алу үшін қымбат оқу орнына түсу керек.

Ақша болса, мамандық қажет емес.

Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет.

Мамандық таңдаудағы басты өлшем- қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі.

Таңдайтын мамандығымды қалталы ақшам анықтайды.

Мамандық таңдау күн көріс қамы.

4. Оқушылар келіп отырған қонақтарға сауалдарын жолдайды.

1. Мамандық таңдаудағы ең бастысы не?
2. Ауыл экономикасын көтеру үшін ауылға ең алдымын қандай мамандықтар қажет деп ойлайсындар?
3. Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе?
4. Әрбір жеке адам бақытты болу үшін, тоқшылықта өмір сүру үшін не істеу керек?
5. Еңбек нарығындағы бақ таластық туралы не білесіз. Сіздің мамандығыңыз нарық заманында бақ таластыққа төтеп бере ала ма?
6. Кез келген қоғамда адам өмірде өз орнын табу үшін өз жанына жаққан кәсіпті меңгеріп, белгілі бір мамандық иесі болуы шарт. Ел болашағы бүгінгі өскелең ұрпақтың, яғни біздің қолымызда.
7. Адам өз мамандығын таңдаған кезде нені басшылыққа алу керек?
8. Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі керек?
9. Сіз қандай маман болуды армандадыңыз?
10. Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек?
11. Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсындар?

12. Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

5. Бір-бірімізді жақсы тани аламыз ба?

Барлық қатысушылар ақ қағазды алып одан ұшақ жасап, сол ұшаққа бір-бірлеріне деген тілектерін, армандарын жазып бір бұрышқа қарай ұшырады. Әр топтан бір оқушыдан шығып кімнің не жазғанын табады.

6. «Мамандықты тап» - сергіту сәті.

«Мамандықты тап» жұмбақтар шешейік.

Жауабы сурет арқылы көрсетіледі.

Үлгілерге қараймын,

Үй іргесін қалаймын

Өрнектерді оямын

Терезесін қоямын. (Құрылысшы)

Елде сақтап амандық
Емдеп жұртты аман қып
Қуантады қашанда
_____мамандық (Дәрігер)

7. «Жағдаяттық» сұрақтар

1. Сен өзіңе ұнған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде не істер едің?
2. Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады, сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?
3. Өзіңіз үшін қандай қорырытынды жасадыңыз, ойландыратын жағдай болды ма? Болса не істер едіңіз?

8. Ең жақсы мамандық ойыны.

Әрбір командалар қатысушыларға мынадай сұрақ беріледі.

Қатысушыларға келесі мамандық мінездемелері ұсынылады.

Ең ақшасы көп мамандық

Ең тәтті мамандық

Ең жауапты мамандық

Ең салиқалы мамандық

Ең қарым-қатынасы күшті мамандық

Мамандық таңдау- болашағыңды айқындау.

Мамандық таңдау дегеніміз- яғни болашағыңды айқындау.

Біз алдымызға белгілі бір мақсат қоя білуіміз керек. Сол мақсатқа жету үшін бірталай міндеттер орындалу керек, сонда ғана сенің болашағың айқын.

Әр оқушы өздерінің таңдаған мамандықтары туралы слайд жасап, қорғайды.